

**БЕКІТІЛДІ**  
**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы**  
**Қарағанды университеті» КЕАҚ**  
**Директорлар кеңесінің шешімімен**  
*(31.10.2023 ж. берілген өзгерістермен*  
*толықтырулармен.*  
2023ж. «31» 10 № *қаттама*)



**«АКАДЕМИК Е. А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ**  
**УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН**  
**ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ**  
**ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Қарағанды, 2023ж.

## 1. Жалпы ережелер

1.1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - Қоғам) профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу туралы қағидалары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 16-тармағына, Қоғамның Жарғысы мен кадр саясатына сәйкес әзірленді.

1.2. Қағидалар университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің штаттық лауазымдарына (бұдан әрі - конкурс) конкурстық орналасудың тәртібі мен шарттарын айқындайды. Университеттің профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі - ПОҚ) және ғылыми қызметкерлерінің штаттық лауазымы Қоғамның штат кестесінде көзделген және оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлері бойынша толық жұмыспен қамтуды көздейді.

1.3. Конкурстың мақсаты Қоғамды жоғары білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету саласында тиімді кадр саясатын іске асыру болып табылады.

1.4. Конкурсқа тиісті бейіндер бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

1.5. Конкурс қоғамның профессор-оқытушылар құрамының біліктілік кәсіби стандарттарына және қоғамның ғылыми қызметкерлерінің біліктілік сипаттамаларына сәйкес конкурстық материалдар негізінде жүзеге асырылады.

## 2. Конкурс туралы хабарландыру

2.1. Персоналды басқаруға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – Персоналды басқару басқармасы) лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарламаны Қоғамның ресми сайтында, электрондық еңбек биржасының ресми сайтында және Қоғамның әлеуметтік желілерінің парақшаларында орналастырады.

2.2. Лауазымдарға конкурстық орналасуға өтініш пен құжаттарды Персоналды басқару басқармасы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде қабылдайды.

2.3 Конкурс өткізу туралы хабарландыру келесі мәліметтерді қамтиды:

- ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің лауазымының атауы;
- орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген Қоғамның атауы;
- құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні;
- Қоғамның профессор-оқытушылар құрамының біліктілік кәсіби стандарттарымен және ғылыми қызметкерлерінің біліктілік сипаттамаларымен айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.

2.4 Конкурс хабарландыруының уақытылы орналастырылуына Персоналды басқару басқармасы жауапты болады.

## 3. Конкурстық комиссияны құру

3.1. Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссияның саны мен дербес құрамын, сондай-ақ оның өкілеттік мерзімін Басқарма Төрағасы - Ректор айқындайды.

3.2. Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады:

*Конкурстық комиссияның төрағасы* - Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор;

*Конкурстық комиссия төрағасының орынбасары* - Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор;

*Конкурстық комиссияның мүшелері* - Басқарма мүшесі, стратегиялық даму жөніндегі проректор; Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор; Персоналды басқару басқармасының басшысы; Заң басқармасының басшысы; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы; кәсіподақ комитетінің төрағасы және Қоғамның басқа да штаттық қызметкерлері;

*Конкурстық комиссияның хатшысы* – Персоналды басқару басқармасының қызметкері.

### 3.3. Конкурстық комиссияның міндеттері:

- конкурстың барлық қатысушыларына лауазымдарға орналасуға тең мүмкіндіктер беру;

- конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- кадр саясатында меритократия қағидаттарын сақтау;
- кандидаттар ұсынған конкурстық материалдарды объективті қарау;
- кандидаттарды конкурс өткізу нәтижелері туралы уақтылы хабардар ету;
- конкурстық құжаттамаға талдау жүргізу;
- конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару болып табылады.

## 4. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау

4.1. Құжаттарды қабылдауды және оларды ресімдеу сапасын бақылауды Персоналды басқару басқармасы жүзеге асырады.

4.2. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- Басқарма Төрағасы-Ректордың атына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс қағазы;
- өмірбаян;
- жеке куәлік көшірмесі;
- жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжаттар және салыстыру үшін түпнұсқалар;
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін түпнұсқалары;
- жұмыс орны (қазіргі не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімі (бар болса) (4-қосымша);
- соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
- құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген № 075 нысандағы денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;
- тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама;
- тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- наркологиялық ұйымнан анықтама.

4.3. Қоғамда жұмыс істейтін адамдар конкурсқа қатысу үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш (2-қосымша) береді, мінездеме (3-қосымша), ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімін, бар болса (4-қосымша), конкурстық парақты (5-қосымша) ұсынады.

4.4. Осы Қағидаларда көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбау өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

4.5. Конкурса қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдарды және т.б. ұсынуға құқылы.

4.6. Конкурса қатысуға өтінішті және құжаттарды үміткер Персоналды басқару басқармасына береді және оған Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректор қолбелгі қояды.

4.7. Басқарма Төрағасы-Ректордың қолбелгісі қойылған үміткердің конкурстық құжаттары мен өтініші Қоғамның тиісті кафедрасына оның отырысында қарау үшін жіберіледі.

4.8. Үміткер қажеттілікке қарай кәсіби деңгейін анықтау үшін ашық сабақ өткізеді, өзінің кәсіби жетістіктерін кафедра отырысында таныстырады.

4.9. Конкурстық құжаттар, кафедра отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелер әрбір үміткерге жеке ресімделеді және талдамалық жинақтау үшін Қоғамның Персоналды басқару басқармасына ұсынылады.

## 5. Конкурсты өткізу тәртібі

5.1. Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

- университеттің ПОҚ және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына кандидаттардың өтінімдерін қарау (6-қосымша);

- Персоналды басқару қызметкерімен және персоналды іріктеуге өтінім берген құрылымдық бөлімшенің (кафедра, факультет, ғылыми бөлімшелер) басшысымен әңгімелесу өткізу;

- конкурстық комиссиямен әңгімелесу және конкурстың қорытындысын шығару.

Әңгімелесуді бейнеконференцбайланыс (бұдан әрі – БКБ) режимінде өткізуге жол беріледі. Кандидаттың БКБ арқылы әңгімелесуге қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда әңгімелесу үш жұмыс күнінен кешіктірілмей басқа күнге ауыстырылады.

5.2. Конкурстық комиссияның жұмысы келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- Персоналды басқару басқармасы конкурстық материалдарды жинақтайды және конкурстық комиссияға талдау ұсынады;

- лауазымға кандидатпен әңгімелесу өткізу кезінде конкурстық комиссияның мүшелері ұсынылған конкурстық материалдарды зерделейді;

- конкурстық комиссия отырысқа факультет деканын, тиісті кафедра меңгерушісін шақыруға құқылы;

- конкурстық комиссия әрбір кандидатураны талқылағаннан кейін әрбір үміткер бойынша жеке жасырын дауыс беруді өткізеді;

- кандидатты таңдаумен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегінің тұсына қарама-қарсы «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздермен білдіріледі. Бір лауазымға екі және одан да көп кандидат конкурстық іріктеуге қатысқан жағдайда бірде-бір кандидаттың тегі сызылмаған 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюллетень жарамсыз деп танылады;

- дауыстарды санау және үміткерлерді сайлау нәтижелерін хаттамалау үшін конкурстық комиссия арасынан құрамы үш адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлау;

- конкурстық комиссия мүшелері есеп комиссиясының хаттамаларын бекітеді (8 - қосымша);

- егер жасырын дауыс беруге конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3-бөлігі қатысса, конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады. Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелері санының көпшілік даусын алған кандидат сайланды деп есептеледі, дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады;

- конкурстық комиссияның мүшелері БКБ арқылы конкурстық комиссияның отырысына қатысуға құқылы. Конкурстық комиссияның осындай мүшесінің дауыс беруі 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюллетень толтыру жолымен жүзеге асырылады;

- дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия лауазымға әрбір кандидат бойынша еңбек шартын жасасу үшін «Басқарма төрағасы-Ректорға ұсынылады» немесе «Басқарма Төрағасы-Ректорға ұсынылмайды» деген тұжырымдармен ұсынымдар қабылдайды.

**5.3.** ПОҚ және ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу конкурсының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

**5.4.** Персоналды басқару басқармасы еңбек шартын жасасу үшін конкурсқа қатысушыларды конкурс нәтижелерімен Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен таныстырады;

**5.5.** Еңбек шарты 10 жұмыс күні ішінде ресімделеді.

**5.6.** Конкурс қорытындысы бойынша Қоғамның ПОҚ және ғылыми қызметкерлерінің штаттық кестесіне өзгерістер енгізіледі.

**5.7.** Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тапсырмаған және/немесе конкурстық комиссия сайламаған үміткерлер еңбек шартының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты Қоғамдағы жұмыстан босатылады.

## **6. Шағымдану тәртібі**

**6.1** Конкурсқа қатысушылар конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныса алады.

**6.2** Конкурсқа қатысушылардың бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма Төрағасы-Ректордың атына апелляциялық өтініш беру арқылы конкурстық комиссияның шешіміне шағымдануға құқығы бар.

**6.3.** Басқарма Төрағасы-Ректор апелляциялық өтінішті қарайды және берілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде оны қабылдамау немесе конкурстық материалдарды қайта қарау мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

**6.4.** Конкурстық комиссия бес жұмыс күні ішінде апелляциялық өтініш берген үміткерге қабылданған шешім туралы хабарлайды.

## **7. Қорытынды ережелер**

**7.1.** Осы Қағида Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

**7.2.** Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен енгізіледі.

**7.3.** Осы Қағидаларда көзделген жекелеген шарттар қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шарттары қолданылады.

## 1-қосымша

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректорына

---

## ӨТІНІШ

Сізден мені \_\_\_\_\_ кафедрасының/институтының  
\_\_\_\_\_ лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жібе-  
руіңізді сұраймын.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_
7. \_\_\_\_\_
8. \_\_\_\_\_

Мекенжайы

және

байланыс

телефоны

---

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

20 \_\_ ж. « \_\_ » \_\_\_\_\_

## 2-қосымша

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректорына

---

## ӨТІНІШ

Күні

Сізден мені \_\_\_\_\_ кафедрасының/институтының  
\_\_\_\_\_ лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жібе-  
руіңізді сұраймын.

Лауазымы, кафедра \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
(қолы)

Қолбелгілер:

Декан

Кафедра меңгерушісі

## 3-қосымша

## МІНЕЗДЕМЕ

\_\_\_\_\_ (лауазымы)  
\_\_\_\_\_ (кафедра, факультет)  
\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. толық)

1. Жасы (толық жас).
2. ЖОО-дағы педагогикалық өтілі.
3. Тілдерді білуі
4. Компьютерді меңгеруі (пайдаланушы деңгейі, бағдарламашы деңгейі, т.б.).
5. ЖОО-да оқуды және жоғары оқу орнынан кейінгі даярлауды қоса алғанда, кәсіптік қызметтің негізгі кезеңдері.
6. Кәсіби талаптар (жарияланымдарының болуы, іргелі және/немесе ғылыми-қолданбалы жобаларға басшы немесе орындаушы ретінде қатысуы, оқытушы студенттер көзімен сауалнамасының нәтижелері)
7. Негізгі жетістіктер, сертификаттар, патенттер, магистрлер мен PhD докторларын, пәндік олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарын дайындау және т. б.
8. Оқыту сапасы.
9. Кәсіби өсуге ұмтылу, оқытудың инновациялық технологияларын енгізуге деген ұмтылыс, біліктілікті арттыру.
10. Коммуникативті қабілеттер.
11. Функционалдық міндеттерді орындау сапасы туралы кафедра меңгерушісінің/факультет деканының уәжді пікірі.

Кафедра меңгерушісі/факультет деканы

Факультет мөрі



## 4-қосымша

## (Т.А.Ә.) ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерінің тізімі

№ р/н	Атауы	Жұмыстың сипаты	Баспа, журнал (атауы, №, жылы), авторлық куәліктің №	Көлемі	Тең авторлардың тегі
1	2	3	4	5	6
Кандидаттық (докторлық) диссертация қорғағанға дейін жарияланған ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер					
1					
2					
3					
Кандидаттық (докторлық) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер					
4					
5					

Тізім дұрыс.

Ізденуші  
Кафедра меңгерушісі  
Ғалым хатшы

А.Ә. Тегі  
А.Ә. Тегі  
А.Ә. Тегі



5-қосымша

**КОНКУРСТЫҚ ПАРАҚ**

(университеттің ішкі порталында электронды түрде толтырылады)

**I. Жалпы мәліметтер**

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)	
2.	Атқаратын лауазымы	Факультеті: Кафедрасы: Лауазымы:
3.	Туған күні мен жылы	
4.	Жасы (толық жылдар)	
5.	Жалпы еңбек өтілі	
6.	Ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі	
7.	Базалық білімі	
8.	Екінші жоғары білімі	
9.	Магистратура	
10.	Берілген жылы көрсетілген ғылыми/академиялық дәрежесі	
11.	Берілген жылы көрсетілген ғылыми атағы	
12.	Берілген жылы көрсетілген спорттық/шығармашылық атағы	
13.	Ағылшын тілін білу деңгейі	
14.	Кафедра қорытындысы	

**II. Есепті кезеңдегі жетістіктері (берілген конкурстық парақ):**

<b>№</b>	<b>КОНКУРСТЫҚ ПАРАҚТЫҢ БӨЛІМІ</b>	<b>БАЛДАР</b>
<b>1.</b>	<b>Оқу-әдістемелік жұмыс</b>	<b>0</b>
1.1	idl.ksu.kz-те әдістемелік портфельдің болуы (пәндердің оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар)/пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, дәрістер, презентациялар, оқытылатын пәндер бойынша практикалық/ағымдағы тапсырмалар, оның ішінде есепті кезеңде әзірленген ағылшын және басқа да шет тілдерінде)	0
1.2	Оқытылатын курстар бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, практикумдар және әдістемелік ұсынымдар (нұсқаулықтар) шығару	0
1.3	Білім беру платформаларында орналастырылған жаппай ашық онлайн-курстарды әзірлеу	0
1.4	Студенттердің, магистранттардың, докторанттардың пәндік олимпиадалар, ғылыми конференциялар, шығармашылық конкурстар жеңімпаздарының болуы	0
1.5	Әдістемелік бағыттағы (университеттік, республикалық және халықаралық маңызы бар) комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына қатысу	0
1.6	Оқытылатын курстар бойынша электрондық оқулықтар, мультимедиялық презентациялар, бейне дәрістер әзірлеу	0
<b>2.</b>	<b>Ғылыми-зерттеу жұмысы</b>	<b>0</b>
2.1	Ғылыми мақалалардың болуы	0
2.2	Монографиялар шығару	0
2.3	Ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыс	0
2.4	Хирш Индексінің болуы	0
2.5	Өнертабысқа немесе авторлық құқық куәлігіне патенттердің болуы	0
2.6	Шығармашылық көрмелерге, конкурстарға қатысу	0
2.7	Шығармашылық басылымдардағы жарияланымдар, авторлық телебағдарламалар жасау және т.б.	0
2.8	PhD диссертациялық кеңестерінің жұмысына қатысу, аттестатталатын оқытушының басшылығымен қорғаған магистрлердің, PhD докторларының болуы	0
2.9	Финалға шыққан немесе конкурста жеңіске жеткен стартап-жобаларға жетекшілік ету	0
2.10	Ғылыми бірлестіктердің, шығармашылық және кәсіби қауымдастықтардың, ғылыми бағыттағы жұмыс топтарының (республикалық және халықаралық маңызы бар) жұмысына қатысу	0
2.11	Қаржыландырылатын (гранттық) ғылыми жобаларды, оның ішінде шаруашылық шарттық, мемлекеттік бюджеттік тақырыптарды әзірлеуге қатысу	0
2.12	Білім беру және ғылыми жобаларға, бағдарламаларға, оның ішінде қонақ дәріскер ретінде қатысу (Erasmus, DAAD, қонақ дәрістер бағдарламалары және т.б.)	0
2.13	Ғылыми және білім беру гранттары, ғылыми стипендиялар мен сыйлықтар	0
2.14	Халықаралық қызмет	0
<b>3.</b>	<b>Біліктілікті арттыру</b>	<b>0</b>
3.1	Оқытылатын пәннің бейіні бойынша кемінде 36 сағат біліктілікті арттыру	0
<b>4.</b>	<b>Қоғамдық жұмыс</b>	<b>0</b>
4.1	Тәрбие жұмысын, қоғамдық тапсырмаларды орындау	0
	<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>0</b>

## 6-қосымша

## Конкурсқа лауазымдардың болуы туралы мәліметтер (өтінім)

№	Кафедра атауы	Лауазымдар (бірл.)					Барлығы
		Кафедра менгерушісі	Профессор	Доцент	Аға оқытушы	Оқытушы	
1	2	3	4	5	6	7	8

№	Ғылыми зерттеу зертханасының атауы	Лауазымдар (бірл.)						Барлығы
		Жетекші	Бас ғылыми қызметкер	Жетекші ғылыми қызметкер	Аға ғылыми қызметкер	Кіші ғылыми қызметкер	Ғылыми қызметкер	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Персоналды басқару басқармасының бастығы

Т.А.Ә.

7-қосымша

**«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ конкурстық комиссиясы отырысының жасырын дауыс беруіне арналған  
БЮЛЛЕТЕНЬ**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.

Факультет \_\_\_\_\_

Жарияланған бірліктер саны \_\_\_\_\_

Кафедра \_\_\_\_\_

№	Үміткердің ТАӘ	Лауазымы	Дауыс беру нәтижелері (қажет емесін сызып тастау)		Еңбек шартын жасасудың ұсынылатын мерзімі
			келісемін	келіспеймін	
			келісемін	келіспеймін	
			келісемін	келіспеймін	
			келісемін	келіспеймін	
			келісемін	келіспеймін	

**Ескертпе\*** Конкурстық комиссия мүшесінің шешімі кафедраның лауазымына үміткерді бекітуге «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздермен беріледі.

Егер комиссия мүшесі біржақты қабылданған шешімді білдірмесе (ұсынылған нұсқаларды сызып тастамаса немесе барлығын сызып тастаса), бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

## 8-қосымша

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
**есеп комиссиясының**  
**хаттамасы**

Сайланған есеп комиссиясының құрамы:

\_\_\_\_\_ (ТАӘ, лауазымы)  
 \_\_\_\_\_ (ТАӘ, лауазымы)  
 \_\_\_\_\_ (ТАӘ, лауазымы)  
 \_\_\_\_\_ (ТАӘ, лауазымы)

Комиссия профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына орналасуға конкур бойынша жасырын дауыс беру кезінде дауыстарды санау үшін сайланды.

Отырысқа конкурстық комиссияның \_\_\_\_\_ мүшесі қатысты.

Факультет \_\_\_\_\_  
 Кафедра \_\_\_\_\_

№	Үміткердің ТАӘ	Лауазымы	Таратылған бюллетеньдер	Таратылмаған бюллетеньдер	Бюллетеньдер жәшігі		
					қолдағандар	қарсылар	жарамсыз
1.							
2.							

Конкурстық комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_

Конкурстық комиссияның мүшелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_



Басқарма Төрағасы-  
Ректордың қарарына  
арналған орын

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ  
ПОҚ лауазымдарға орналасуға конкурс комиссиясының  
хаттамасы**

Жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде («\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
конкурстық комиссия отырысының хаттамасы) конкурстық комиссия мүшелері Басқарма  
Төрағасы-Ректорға ұсынады:

1. конкурс қорытындысы бойынша лауазымға сайланған болып саналсын  
1.1 \_\_\_\_\_ кафедрасы бойынша

№	Т.А.Ә. (толық)	Лауазымға сайланды
1.		
2.		

2. конкурс қорытындысы бойынша лауазымға сайланған болып саналсын  
1.1 \_\_\_\_\_ кафедрасы бойынша

№	Т.А.Ә. (толық)	Лауазымға сайланбады
3.		
4.		

Конкурстық комиссияның  
төрағасы \_\_\_\_\_

Конкурстық комиссияның хатшысы \_\_\_\_\_

Конкурстық комиссияның мүшелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Ескертпе: хаттама Басқарма Төрағасы-Ректорға бұйрықты одан әрі ресімдеу үшін  
ұсынылады**

**«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу конкурсы туралы қағидаларына келісу парағы**

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер бойынша  
Басқарма мүшесі – проректор

С.С. Сагинтаева

Басқарма мүшесі,  
ғылыми жұмыс жөніндегі проректор

Е.М. Тажбаев

Ректор аппаратының басшысы

Є.К. Калкаманов

Персоналды басқару басқармасының басшысы

А.Т. Төлеубеков

Заң басқармасының басшысы

Ш.Т. Байкенжина

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметтің басшысы

В.И. Олейник

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті  
оқытушыларының, қызметкерлерінің  
жергілікті кәсіподағы» ҚБ  
кәсіподақ комитеті төрағасы

М.К. Жунусова

